



«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана
жүйесі»ММ
Әдістеме-библиография бөлімі

КЕЙІПКЕРІН РУХАНИ БИІККЕ КӨТЕРГЕН СУРЕТКЕР

/Ақын, жазушы Мұқатов Нағашыбай 75 жаста (1949)/

ЖАДНАМА



**«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ
Әдістеме-библиография бөлімі**

**КЕЙІПКЕРІН РУХАНИ БИІККЕ КӨТЕРГЕН
СУРЕТКЕР**

/Ақын, жазушы Мұқатов Нағашыбай 75 жаста (1949)/

ЖАДНАМА

Арқалық 2024 жыл

ӘОЖ 011
КБЖ 91
К 33

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын
Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Д. Е. Құсайын

Кейіпкерін рухани биікке көтерген суреткер [Мәтін] ақын, жазушы Мұқатов Нағашыбайдың туғанына 75 жас мерейтойына арналған) : Жаднама /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 56 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі ақын, жазушы Мұқатов Нағашыбайдың 75 жас мерейтойына арнап жаднама дайындады. Жаднамаға Нағашыбай Мұқатовтың өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
әдістеме-библиография бөлімі

ҚАРАПАЙЫМ ҚАЗАҚТЫҢ БІР ҰЛЫ



Нағашыбай Мұқатов 1949 жылдың 15 наурызында Қостанай облысы, Жанкелдин ауданына қарасты Торғай селосында туған. Осы ауданның Аралбай ауылындағы Жанкелдин есіміндегі орта мектепті бітірген. 1970 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітіріп, Жангелдин аудандық газетінде әдеби қызметкер, Торғай, Қостанай облыстық радиоларында редактор, Қазақ радиосының Торғай облысындағы меншікті тілшісі, Қостанай теледидарының бас редакторы қызметтерін атқарған. Өлеңді мектеп қабырғасында жазған. Аудандық, облыстық ақындар айтыстарына қатысып, бірнеше мәрте жеңімпаз болған. Белгілі ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғыл. канд. Жангелдин ауд. Торғай к. туған. 1967 ж. осы аудандағы Аралбай а. Жангелдин ат. орта мектепті бітірген. Жоғары сыныпта оқып жүргенде жергілікті баспасөзге мақала, өлең жазған. Орта мектепті бітірген соң Жангелдин ауд. «Жаңа өмір» газетінде қызмет істеді. 1968 - 1970 жж. Кеңес Армиясы қатарында борышын өтеді. 1970 ж. қазіргі Әл-Фараби ат. ҚазМҰУ журналистика факультетін бітіріп, Жангелдин ауд. газетінде әдеби қызметкер, Торғай, Қостанай обл. радиоларында редактор, Қазақ радиосының Торғай обл. меншікті тілшісі, Қостанай теледидарының бас редакторы қызметтерін атқарған. «Қазақстан-Қостанай» теледидар компаниясында «Шаңырақ» шығармашылық бірлестігін басқарған. Қазақстан радиосы және теледидары саласында 40 жылға жуық қызмет жасады. Республикалық теледидар хабарлары фестивалінде үш мәрте жүлдегер атанды. Республикалық Қазақ радиосы ұйымдастырған «Қазақстаным - қара шаңырағым» атты жыр мүшайрасының бас жүлдегері.

Нағашыбай Мұқатов 2007 - 2014 жж. Ы. Алтынсарин ат. мемориалдық мұражайдың директоры болды. Қазір А. Байтұрсынов ат. ҚМУ «Журналистика және коммуникациялық менеджмент» кафедрасында оқытушы. Ақынның әр түрлі баспалардан әр жылдары «Сөйле, жүрек» (өлеңдер, 1992), «Айналайын адамдар» (өлеңдер, 1996), «Күлкім келеді» (сатиралық интермедиялар, 1999), «Ақ бұлақ» (өлеңдер, 2003), «Жанымның жасыл жапырақтары» (өлеңдер мен поэмалар, 2004), «Бейсенбай биік бәйтерек» (деректі әңгіме), «Қанат және Қаламқам» (балаларға арналған өлеңдер, 2005), «Қазыналы Қайнекей» (ғылыми монография, 2007), «Ой отауда оңаша» (мақалалар, ой-толғамдар, очерктер, 2009), балаларға арналған «Бекзат аға, Санжар іні» (өлеңдер, толғаулар, 2009), «Көкірек-көзбен көргендерім» (эсселер, мақалалар, толғаныстар, 2013) деп аталатын кітаптары жарық көрді. 2008 ж. Нағашыбай Мұқатов көрнекті ақын, әдебиетші, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ поэзиясына оқиғалы өлеңді (баллада) орнықтырып, жетілдіруші Қайнекей Жармағамбетовтың әдеби бай мұрасынан кандидаттық диссертация қорғады. 2009 ж. Бішкек қ. қырғыздың

белгілі ақыны Бақтыкүл Чотурованың аударуымен «Жанымның жасыл жапырақтары» деген жырлар жинағы қырғыз тілінде жарық көрді. «Қостанай таңы» газетінің белсенді авторларының бірі. Ол ежелгі айтыс өнеріне де жастайынан жақын болған. Облыстық, аудандық ақындар айтысына бірнеше мәрте қатысып, жеңімпаз атанған. Нағашыбай Оразбайұлы обл. Меценаттар клубының «Әдебиет» номинациясы бойынша «Шабыт» (2001, 2015) және «Қазына» (2008) сыйлықтарының иегері. 2009 ж. «Қазақстанның мәдениет қайраткері» құрметті атағы берілді. «Кеңес одағы теледидары мен радиосы қызметінің үздігі» белгісімен, «Астанаға 10 жыл» медалімен марапатталған (2008). Торғай өңірінің мәдени-әлеуметтік өміріне белсене араласып, оған қосқан үлесі үшін «Торғай және Арқалық қаласының құрметті азаматы» атағы берілген.

Шығармалары:

1. Ақ бұлақ Қостанай ; Бекзат аға, Санжар іні ; Қазыналы Қайнекей ; Ой отауда оңаша ; Сөйле жүрек! ; Жанымның жасыл жапырақтары [Электрондық ресурс] / Н. Мұқатов ; ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы. – Астана, 2013. – 1 электр. опт. диск (CD-ROM).
2. Бекзат аға, Санжар іні [Электрондық ресурс] // Мұқатов, Н. Ақ бұлақ Қостанай / Н. Мұқатов. – Астана, 2013. – 1 электр. опт. диск.
3. Жанымның жасыл жапырақтары [Электрондық ресурс] // Мұқатов, Н. Ақ бұлақ Қостанай / Н. Мұқатов. – Астана, 2013. – 1 электр. опт. диск.
4. Көкірек-көзбен көргендерім [Мәтін] : эсселер, мақалалар, толғаныстар / Н. Мұқатов. – Алматы : Тоғанай Т, 2013. – 256 б.
5. «Көргенім жоқ сұм соғыс сұрапылын» 1941-інші, 22-ші маусым, таңғы сағат төрт ; Қара қағаз ; Майдандағы медбике ; Оралған жауынгердей ; Соғыстың ардагерлері ; Көрдім бірақ ; Жеңіс күні [Электрондық ресурс] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Тобыл толқындары : әдеби альманах. 3-кіт. = Кн. 3 / Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы, Л. Н. Толстой ат. Қостанай обл. әмбебап ғылыми кітапханасы = Управление культуры акимата Костанай-ской области, Костанайская обл. универс. науч. б-ка. им. Л. Н. Толстого ; ред. Казина Г. ; [кұраст.: Дауренбекова Д. А., Юсупова С. С.]. – Қостанай, 2015. – Б. 13–19.
6. Қазыналы Қайнекей [Электрондық ресурс] // Мұқатов, Н. Ақ бұлақ Қостанай / Н. Мұқатов. – Астана, 2013. – 1 электр. опт. диск.
7. Қоғамым - қоңыр аю қорбандаған ; Сұрандаршы... ; Отырмын таразылап... ; Кір ; Зағип демей, кім дейміз [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Жыр маржаны : он томдық : қазақ поэзиясының антологиясы / құраст.: М. Құлкенов, Г. Мұқышева. – Алматы, 2014. – Т. 5. – 490–496 б.
8. Қостанай ауасы [Мәтін] : [өлең] / Н. Мұқатов // Тобыл толқындары : әдеби альманах. 2-кіт. = Кн. 2 / Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы, Л. Н. Толстой ат. Қостанай обл. әмбебап ғылыми кітапханасы = Управление культуры акимата Костанайской обл., Костанайская обл. универс. науч. б-ка им. Л. Н. Толстого ; ред. Казина Г. ; [кұраст.: Дауренбекова Д. А., Юсупова С. С.]. – Қостанай, 2014. – Б. 8–9.
9. Ой отауда оңаша [Электрондық ресурс] // Мұқатов, Н. Ақ бұлақ Қостанай / Н. Мұқатов. – Астана, 2013. – 1 электр. опт. диск.
10. Сөйле жүрек! [Электрондық ресурс] // Мұқатов, Н. Ақ бұлақ Қостанай / Н. Мұқатов. – Астана, 2013. – 1 электр. опт. диск.
11. Тәуелсіз республикам менің! ; Тәуелсіздік ; Бірлігім тербетілсе бесікте ; Өлең-жүрек ; Аналар көзі тірі, жаса мәңгі ; Сұлулық саған қарап өтер едім... ; Мерседес мінген бір бала ; Не артық ; Төрелмен төрге озатын домбыра ; Кіл ойланып, кіл ішімнен тілерім [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Торғай, Тобыл тоғысып : Қостанай облысы қаламгерлерінің шығармалары / [кұраст. Ә. Әмір]. – Қостанай, 2016. – Б. 49–61.

Н. Мұқатовтың редакциялығымен шыққан кітаптар:

1. Көңіл көгінде, жүрек төрінде [Мәтін] : естелік-әңгімелер / құраст. Н. Мұқатов. – Алматы : Тоғанай Т, 2015. – 168 б.
2. Мұқатұлы, О. Тәңірдің құлымын, Торғайдың ұлымын! [Мәтін] / О. Мұқатұлы ; Әкенің артында қалған мұраларын жинап, әдеби өңдеп, баспаға ұсынған ұлы, жазушы Нағашыбай Оразбайұлы. – Алматы : Тоғанай Т, 2018. – 160 б.
3. Тау тұлға [Мәтін] : Мәлік Баекеұлы Шаяхмет : естеліктер жинағы / Қостанай аумақтық тарихи зерттеулер институты ; [құраст., алғы сөзін жазған А. Күзембайұлы ; ред. Н. Мұқатов]. – Қостанай, 2015. – 172 б.

Мерзімді басылымдарда жарияланған шығармалары:

1. Ақ бесігім - Аралбайым [Мәтін] : [әңгіме] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2017. – 7 маусым. – Б. 7.
2. Егде екі кісінің әңгімесінен ; Адамдар ғой мәңгі жұмбақ ; Уағыз туралы ой ; Үлгіру керек... ; Туған жермен сырласу ; Балықпын мен... [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Торғай. – 2016. – 15 сәуір. – Б. 4.
4. Желбіреп тік тұрмайды туың мәңгі... [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 4–10 сәуір. – Б. 8.
5. Жер-ана құшағында тербел Қоғабайым [Мәтін] : [өлең] / Н. Мұқатов // Қазақ. – 2014. – 19–26 желтоқсан. – Б. 6.
6. Ит жылына тілек [Мәтін] : [өлең] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2018. – 12 қаңтар. – Б. 8 ; Наш Костанай. - («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2018. – 16 қаңтар. – Б. 12.
7. Көз алдымда көрнекті Ғафу тұрды [Мәтін] : (туғанына 85 жыл толып отырған арқалы ақын Ғафу Қайырбековтың жұбайы Бәдеш Хамзақызымен телефон арқылы бір сағаттай тілдескенде туған жыр) / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2013. – 14 тамыз. – Б. 9.
8. Көз жұмғанша көрсетейікші көрегендік [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов ; бетті дайындаған О. Отынбайұлы // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2014. – 21 қазан. – Б. 9.
9. Көкірек көзбен көргендерім... [Мәтін] : [проза] / Н. Мұқатов // Қазақ. – 2015. – 6–13 қараша. – Б. 11.
10. «Көргенім жоқ сұм соғыс сұрапылын» [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2015. – 14 сәуір. – Б. 3.
11. Қайран, апа... [Мәтін] : [өлең] : (Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын Фариза Оңғарсынова қазасына) / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2014. – 29 қаңтар. – Б. 3 ; Қазақ әдебиеті. – 2014. – 31 қаңтар – 6 ақпан. – Б. 11.

12. «Қалтам толы орамал сен кеткелі...» [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2013. – 2 сәуір. – Б. 7.
13. Қарапайым қазақтың бір ұлымын [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов // Жұлдыз. – 2013. – № 8. – Б. 88–90.
14. Қолтаңба [Мәтін] : проза / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2017. – 2 маусым. – Б. 13.
15. Қуантуға тұрғандай оқымысты ортаны ; Ешқашан есімде жоқ өлген күні ; Қайран Қайнекей қайдасың?! ; Шығатын шыңдарыма табан тимес ; Құттықтап қол созамын Қостанайдан [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Қазақ. – 2015. – 21–27 мамыр. – Б. 11.
16. Құйғытып қайда кеттің, құлын-дәурен? [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2017. – 14 сәуір. – Б. 6.
17. Орман-ой барлағаным, шарлағаным [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Ана тілі. – 2014. – 17–23 шілде. – Б. 10.
18. Өлең - жүрек, сырға толы... [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Арқалық хабары. – 2014. – 7 қараша. – Б. 4.
19. Прозаның ақ тұлпары [Мәтін] : [өлең : жазушы Төлен Әбдікұлына] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2017. – 28 қараша. – Б. 5.
20. Сана да сатылғандай сан ақшаға [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2014. – 13 наурыз. – Б. 6.
21. Сар дала сағынар әлі Сабыржанын [Мәтін] : [өлең] : (талантты жазушы, журналист С. Шүкірұлы қазасына) / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2013. – 27 тамыз. – Б. 9.
22. Сыр [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Егемен Қазақстан. – 2014. – 2 қыркүйек. – Б. 7.
23. Төрт домбыра [Мәтін] : [өлең] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2018. – 3 тамыз. – Б. 6.
24. Тірлігімнің тылсым сырын таныдым... [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Ана тілі. – 2016. – 25–30 наурыз. – Б. 10.
25. Тіршілік - қоңыр аю қорбандаған [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2014. – 14 наурыз. – Б. 6.
26. Тірілерге қарап ап тәуба-тауға өрледім [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2018. – 13 наурыз. – Б. 7 ; Қазақ әдебиеті. – 2018. – 23–29 наурыз. – Б. 14.
27. Уыздай тәтті дүние... [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов // Жұлдыз. – 2018. – № 1. – Б. 110–111.
28. Ұлтымның ұлы адамы ; Тәуелсіз республикам менің! ; Өлең-жүрек ; Тілім барда [Мәтін] : [өлеңдер] / Н. Мұқатов // Рудненская лира: литературно-поэтический сборник / авт. проекта, сост. и ред. Владимир Варенцов. – Рудный, 2014. – № 3. – Б. 34–35.

29. Үйдің ремонтын қайтеміз ; Азар да - безер ; «Бекем бол, енді!» ; Жыр-сияпат ; Нақты мысал ; «Шабыт туса...» ; Ақталу ; Іңкәрі көрінбейді ғой?! [Мәтін] : [ақын Нағашыбай Мұқатовтың қалжыңы] / № 5 жатақхананың коменданты - Ермахан Шайхыұлы ; түртіп алып сіздерге жеткізуші Сапар Әбіләкімтегі // Айқын. - («Ара» қосымшасы). – 2016. – 23 сәуір. – Б. 19.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

1. Ажарыңнан айырылма, Аралбайым [Мәтін] : [ауылдың жағдайы туралы] / Н. Мұқатов // Қазақ. – 2015. – 30 қаңтар. – Б. 7.
2. Ақ бесігім - Аралбайым [Мәтін] : (Жангелдин ауд. Аралбай а. Жангелдин орта мектебін бұдан елу жыл бұрын бітірген түлектер туралы толғаныс) / Н. Мұқатов // Біздің Торғай. – 2017. – 20 маусым. – Б. 2.
3. Ақын атындағы алтын ұя [Мәтін] : [Қостанай мектебіне Ғ. Қайырбековтың есімі берілді] / Н. Мұқатов // Қазақ. – 2015. – 5–12 маусым. – Б. 10.
4. Астана - алып жүрегім [Мәтін] : [Астанаға - 20 жыл] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2018. – 4 шілде. – Б. 12.
5. Ауызекі сөйлесу және шеберлік [Мәтін] / Н. Мұқатов // Ақиқат. – 2018. – № 1. – Б. 101–103.
6. Әдемі көріну [Мәтін] : [қаламгердің ой-толғауы] / Н. Мұқатов // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2015. – 3 ақпан. – Б. 9.
7. Әулиеден қалған ағаш табақ [Мәтін] : [Оспанқожа әулие] / Н. Мұқатов // Егемен Қазақстан. – 2018. – 5 қаңтар. – Б. 12 ; Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2018. – 26 қаңтар. – Б. 11.
8. Жұрт сыйлаған Жұмакүл [Мәтін] : Қостанай қаласындағы № 2 емханасының білікті учаскелік балалар дәрігері Жұмакүл Жұмабекова туралы сөз / Н. Мұқатов // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2015. – 17 наурыз. – Б. 3.
9. Кейде шаршап кетесің... [Мәтін] : [қазақ тілі мәселесі] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2018. – 27 маусым. – Б. 13.
10. «Кекті бала» кесек туынды [Мәтін] : [ақын Қ. Жармағамбетов туралы] / Н. Мұқатов // Жұлдыз. – 2018. – № 6. – Б. 184–186.
11. Көгілдір экрандағы тікелей хабар [Мәтін] / Н. Мұқатов // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы = Вестник КазНУ. Сер. филологическая. – 2016. – № 1. – Б. 374–377.
12. Көкірек-көзбен көргендерім [Мәтін] : [қаламгердің ой-толғамы] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2013. – 12 шілде. – Б. 9.
13. Көркем сөз, көркем ойды кестелеген [Мәтін] : (көрнекті ақын, жазушы, этнограф Сейіт Кенжеахметұлының шығармашылығы туралы сөз) / Н. Мұқатов // Ақиқат. – 2017. – № 2. – Б. 70–77.
14. Қайырымды Қайнекей [Мәтін] : [ақын Жармағамбетов туралы] / Н. Мұқатов // Жұлдыз. – 2014. – № 6. – Б. 187–192.
15. Мәтін мағыналы болсын [Мәтін] : [журналистика саласы] / Н. Мұқатов //

- Ақиқат. – 2018. – № 3. – Б. 101–104.
16. Наурыз келді [Мәтін] : Ұлыстың ұлы күні туралы толғау / Н. Мұқатов ; сурет автордан алынды // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2017. – 24 наурыз. – Б. 18.
 17. Наурыздың ерекше мәні жөнінде [Мәтін] : ата-бабаларымыз оны жыл басы деп есептеген / Н. Мұқатов // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2018. – 20 наурыз. – Б. 7.
 18. Негізгі байлық [Мәтін] : [Елбасы мақаласы] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2017. – 3 мамыр. – Б. 4.
 19. Нұрхан шалдың нұры [Мәтін] : адал жар, мейірімді әке, аяулы ата, танымал спорт шебері, марқұм Серікбай Ахметов туралы сөз / Н. Мұқатов // Наш Қостанай. - («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2014. – 23 желтоқсан. – Б. 8.
 20. Отыз тістің қадірін қақсағанда білерсің... [Мәтін] : немесе стоматолог-ғалым туралы бір үзік сыр : [проф. Ғ. Есләмғалиұлы] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2013. – 17 қыркүйек. – Б. 7.
 21. Сазға ғашық жүрек [Мәтін] : [әнші, сазгер Ғ. Құрманов туралы] / Н. Мұқатов // Торғай. – 2016. – 19 ақпан. – Б. 4.
 22. Сезімі менен сөзіне ғана сүйенген [Мәтін] : [ақын К. Мырзабеков туралы] / Н. Мұқатов // Ана тілі. – 2016. – 16–22 маусым. – Б. 9.
 23. Семсер сөзді Сейіт [Мәтін] : [этнограф, жазушы С. Кенжеахметұлы] / Н. Мұқатов ; «Қалжыңқалтаның» жаттықтырушысы - Еркін Жаппасұлы // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 17–23 сәуір. – Б. 12.
 24. Таспагер Төретай [Мәтін] : (астаналық жерлесіміз Төретай Дәужанұлы Әлмәмбетов туралы бірер сөз) / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2018. – 17 қаңтар. – Б. 7.
 25. Толымды ой толғаған туынды [Мәтін] : жазушы Сәбит Досановтың «Қасқыр ұлыған түн» атты романы туралы / Н. Мұқатов // Ана тілі. – 2015. – 16–21 қаңтар. – Б. 10.
 26. Торғай таланттары бағаланса... [Мәтін] : Жангелдин ауданының әкімі Шота Оспановқа ашық хат орнына / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2018. – 30 қаңтар. – Б. 5.
 27. Торғай таланттарын бағалай ма? [Мәтін] : (Жангелдин ауданының әкімі Шота Сәбитбекұлы Оспановқа хат) / Н. Мұқатов // Қазақ. – 2018. – 26 қаңтар. – Б. 10.
 28. Тұғыры биік Тұрсекең [Мәтін] : [ғалым Т. Кәкішұлы туралы] / Н. Мұқатов // Егемен Қазақстан. – 2017. – 10 тамыз. – Б. 9.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Жыр сұңқары [Мәтін] : Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, талантты ақын Нағашыбай Мұқатов жөнінде // Жақсанов, О. Сырлы әлем сыңғыры / О. Жақсанов. – Қостанай, 2011. – Б. 267–271.
2. Мұқатов Нағашыбай [Мәтін] // Торғай елі : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 300–301.
3. Мұқатов Нағашыбай Оразбайұлы [Мәтін] // 2009 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегі : 36 шығ. = вып. 36. / құраст., комп. терілім: Жаменкенова Н. З., Алкебаева Б. М. – Қостанай, 2008. – Б. 15–20.
4. Мұқатов Нағашыбай Оразбайұлы [Мәтін] // 2014 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегі : 41 шығ. = вып. 41 / [құраст.: Б. М. Әлкебаева, Ә. К. Сәлібаева, Н. В. Балдичева, Р. И. Борисенко, З. А. Варинке, Ж. С. Нам, И. А. Удовицкая ; ред. Б. Б. Сейтова]. – Қостанай, 2013. – Б. 36–46.
5. Нағашыбай Мұқатов [Мәтін] : [ақын] // Жыр маржаны : он томдық : қазақ поэзиясының антологиясы. Т. 5 / құраст.: М. Құлкенов, Г. Мұқышева. – Алматы, 2014. – 489 б.
6. Сөзімді, сезімді гүлмен өрдім... [Мәтін] : (Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын, мәдениет қайраткері Нағашыбай Мұқатовтың 65 жылдық мерейтойына) : библиогр. әдебиет көрсеткіші / [құраст.: Б. М. Әлкебаева, Ә. К. Сәлібаева ; ред. Б. Б. Сейтова]. – Қостанай, 2014. – 35 б.

Мақалалар, сұхбаттар:

1. Ақын марапатталды [Мәтін] : [«Қазына» сыйлығын иеленді] / [газ. ред.] // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 29 мамыр – 4 маусым. – Б. 2.
2. Астанадан оралды [Мәтін] : [ақын Хусто Хорке Падронның қазақ тілінде жарық көрген «Тозақ шеңберлері» кітабының тұсаукесер рәсімі болды] / [газ. ред.] // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2015. – 19 мамыр. – Б. 5.
3. Әбдікәрімов Бейбітбек. Көп болып қолға алайық [Мәтін] : [жерлеу рәсімін бір жүйеге келтіру мәселесі] / Бейбітбек Әбдікәрімов // Егемен Қазақстан. – 2015. – 14 қазан. – Б. 15.
4. Булекбаева, Ж. Ыстық ықыласын білдірді [Мәтін] : [ақынмен кездесу кеші өтті] / Ж. Булекбаева // Қазақстан мұғалімі. – 2018. – 18 мамыр. – Б. 8.
5. Жақсылықұлы, А. Орталық келін түсірді [Мәтін] : [Қостанай ауд. тілдерді оқыту орталығы Наурыз мейрамын тойлады] / А. Жақсылықұлы // Арна. – 2015. – 19 наурыз. – Б. 7.
6. Жаны қазақтың бәрі - бауыр [Мәтін] : көрнекті қаламгер, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, ғалым Нағашыбай Мұқатовпен сырласу / сырласқан Оразалы Жақсанов // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2014. – 25 қараша. – Б. 9.

7. Жаңа лауреаттар анықталды [Мәтін] : [Меценаттар клубының «Қазына» және «Шабыт» сыйлықтарының иегерлері] / [газ. ред.] // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2015. – 26 мамыр. – Б. 5.
8. Жапарұлы, М. Мектеп мерейі [Мәтін] : [мектеп түлектерінің кездесуі] / М. Жапарұлы // Арқалық хабары. – 2017. – 2 маусым. – Б. 4.
9. Көшек, М. Көңілден шыққан кездесу [Мәтін] : [ақынмен кездесу кеші] / М. Көшек // Арна. – 2015. – 2 сәуір. – Б. 7.
10. Қажы, А. [Пародиялар] [Мәтін] : [ақын Н. Мұқатовтың өлеңдеріне] / А. Қажы ; «Быды-быдыны» былдырлатушы Дамир Әбіш // Қостанай таңы. – 2014. – 16 сәуір. – Б. 8.
11. Қаламгердің тағылымдық кеші [Мәтін] : [ақынның 65 жылдық мерейтойы] / [газ. ред.] // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2014. – 1 сәуір. – Б. 5.
12. Облыстан жеңіспен оралдық [Мәтін] : [Қостанайда көркем сөз оқу шеберлерінің облыстық конкурсы өтті] / [газ. ред.] // Науырзым тынысы. – 2013. – 10 қыркүйек. – Б. 7.
13. Олжабаев, З. Әр нәрсенің өз жөні бар олардың аражігін ажырата білейік [Мәтін] : [қазіргі қазақ қоғамы] / З. Олжабаев // Егемен Қазақстан. – 2015. – 18 қараша. – Б. 5.
14. Отынбайұлы, О. Әке мен бала туындысы [Мәтін] : Оқырмандарға жол тартты / О. Отынбайұлы // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2018. – 22 мамыр. – Б. 6.
15. Саматов, С. Ақын - ауыл мейманы [Мәтін] : [Соналы а. ақынмен кездесу өтті] / С. Саматов // Қостанай таңы. – 2013. – 23 қаңтар. – Б. 3.
16. Сейтақ, А. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатов [Мәтін] : ауылдың рухани бұлағынан нәр алған адам өмірде ешқашан өкінбейді! / А. Сейтақ // Ақиқат. – 2017. – № 6. – Б. 79–86.
17. Тәлімді басқосу [Мәтін] : [кеш] / [газ. ред.] // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2015. – 19 мамыр. – Б. 6.
18. Тойжігітов, Ә. Жерлеудің жайы жан ауыртады [Мәтін] : [қазіргі қазақ қоғамы] / Ә. Тойжігітов // Егемен Қазақстан. – 2015. – 9 қыркүйек. – Б. 9.

Ақын Нағашыбай Мұқатовтың өлеңдері

Әперші!

Мейірім тосқан күн бопты,
Онсыз қызық кіл жоқты,
Әперші деді атаға
Әйдік өзінен бір допты.

Жіптің шешер күрмеуін,
Жүретін тілеп тілеуін,
Әперші деді әжеге
Велосипедтің біреуін.

Бұған ойыншық әлі аз-ды,
Бұрынғысынан қара үзді,
Әперші деп папаға
Керемет машина Камаз-ды.

Жылап ап көзі ісіпті,
Назары өзгеге түсіпті.
Әперші деді анаға
Алба-жұлба күшікті.

Қайрат қашан жай тұрды,
Өтініші ылғи айтылды.
Әперші деді ағаға
Зоопарктегі маймылды.

Құстан үшқыр қиялы,
Қалай жер, көкке сыяды,
Әперші деді апаға
Әдемі телефон ұялы.

Балғын бала айбынды,
Бәріне өзін сай білді,
Әперші деді бір сәтте
Аспандағы ай-күнді.

Әкеде әке бола ма?

Ішің бәрін сезеді,
Ілгеріні кезеді.
Томпаңдаған қызымның
Төрт жастағы кезі еді.

Нәрлі сөзге тоқталдық,
Әңгімеге көп қандық.
Әкем келіп ауылдан,
Мәре-сәре боп қалдық.

Жайшылықта жүгіретін,
Жеткіншек отыр күліп еркін,
Салды атасы әп-сәтте
Сұлу жылқы суретін.

Шыбығындай көк талдың,
Ұшқынындай оттардың.
Бөбегіме жай ғана,
«Әкем ғой менің» деп қалдым.

Мейман жетсе қонаға,
Мейірбан шуақ ол ара.
Қызым айтты қиналмай:
– Әкеде әке бола ма?

Жумайды қой құлағын

Тамақтың буы бұрқырап,
Төргі дастархан құлпырад.
Бас ұстаған ақсақал
Бермекші балаға бір құлақ.

Тез өзгергені-ай түрінің,
Тыржитты және мұрынын.
Ауырып тұр ішім деп,
Асырмақ болды қулығын.

Біртүрлі бүгін жанары,
Бейтаныс тағамға балады.
Секем алып, сескеніп,
Жиіркеніп, жиырыла қарады.

Бір отырып, бір тұрып,
Қария көрсе де ұмтылып.
Жемеймін деді мен оны,
Жемеймін деді жұлқынып.

Жедел жүргізбей бір адым,
Жауабын тағы сұрадым:

«Жемейтін басты себебім –
Жұмайды ғой қой құлағын».

Жауынгер

Жайға қарап жатпайын,
Жақсы ойыншығын мақтайын,
Тікұшағы тұр, әне,
Ұшағы да дап-дайын.

Басталардай аттаныс,
Бірігіп бәрі жатқан іс,
Пулеметі күшті ғой,
Танкісі де тап-таныс.

Күш, қуатын әлі ұғар,
Қызығына тән қанығар,
Автоматын алмақшы,
Пистолеті тағы бар.

Сәнді түзеп қатарды,
Сапқа тұруға тақалды,
Шын сарбаздан айнамай,
Шекеге қолын апарды.

Озғанын-ай атының
Ортада отыр батырың,
Жігітпін деп жауынгер
Жымияды ақырын.

Немере

Биіктегі күнім бе,
Бау ішінде гүлім бе,
Санжар атты немере
Бірге толды бүгінде.

Түр-түсі де өзгерді,
Күлкісі де өзгерді,
Қартайған ата-әжеге
Қызық бар ма өзге енді.

Қылығы да сүйкімді,
Қозғалысы да сүйкімді,
Тәттілігін сезген соң

Тіпті ұмыттым ұйқымды.

Қуаныш нұры тараған,
Көзі күлімдеп қараған,
Нағыз бақыт иесі –
Немересі бар адам.

Шаттыққа шаба берсе разымын

(Астана қаласының тұрғыны, ұлағатты ұл,
сүйікті жар, мейірімді әке, мақтаулы құрылысшы,
танымал қаламгер
Асқарбек Назарбекұлының 60 жылдық мерейтойына)
Ей, өмір еңкейтпеші еш ұлыңды,
Кісінің күндіз түгіл, кеші нұрлы,
Асқарға, асуларға асықсын – деп
Асқарбек қойған сірә есімінді.
Жайсаңнан көңілі – гүл, жаны нұрдан,
Жақынның теңіз – тілегін дәрі қылған.
Асқарбек сенде – мың адамдағы мықтылық,
Алты жылдың азабын алып ұрған.
Теріс ойды терісінше туралап,
Тамсанайын таң қалайын тұра қап.
Асқарбек сенде – әкеге, сөзге махаббат,
Алып ап қалам өргені – ой, сөзді орап.
Жоқ сірә қайран жылды құрықтар күн,
Мен оны бір емес-ау, мың ұққанмын,
Асқарбек сенде – Майяға деген махаббат
Тірлікте түк бұзбаған тұнық қалпын.
Ағалар аман болғай ілестірген,
Дүбірсіз дүниеде кім естілген,
Асқарбек сенде – бала, немереге махаббат
Алақанынан ақ шуақ үлестірген.
Адаммен адымымды қызық көргем,
Аһ ұрмас тереңнен маржан сүзіп, терген,
Асқарбек сенде – туысқа тұтас махаббат
Жүрегінің жүзімін үзіп берген.
Ықыласын ылғи айтса ырза жақ,
Тауға айналып тұлғаландың тыңдап ап,
Асқарбек сенде – адамға деген махаббат
Қайырымыңа қайырылып қарау бір ғажап.
Толымды сөз тулап жатса таңдайда,
Түбірінен түсінетін жан қайда.
Асқарбек сенде – жерге, елге махаббат,
Ұшақтан бұрын ұшып барған Торғайға.

Тербетілген тал бесігің ұлы өнер,
Тәтті сөзге тебіренді, түледі ел,
Махаббаттан жаратылған жақсы інім
Машақатты маңдайдан пер де, түрегел.
Бар иә берік достар, біраз інім,
Болмаса олар ортайдым, құлазыдым,
Асқарбегім алпыста, ақбоз атта
Шаттыққа шаба берсе разымын.

Тірлігімнің тылсым сырын таныдым

Жалған дүние әрі шаттық, әрі мұң

Болмас мәңгі алды ай да, арты күн,
Бұл тірлікте кімде кәне бар тыным.
Қасқыр жейді отар-отар қойларды,
Қызыл қан ғып айдалада алқымын.

Әлсін-әлсін әрекетке жолығам,
Әлді әлсізді алып түсер, соны ұғам.
Бүркіт ұшып бас айналар қиядан,
Бүреді кеп бір қоянды жонынан.

Жемтік болу жараса ма тұра қап,
Жан-жағыңа түгел төселмес гүл алап.
Шортан жейді қылағай мен шабақты,
Қашқан сайын, сасқан сайын қуалап.

Үлкен мейірімді қашан пенде мол ектік,
Үндемегенді үнсіз құрту ол ептік.
Адам жейді албардағы малдарды,
Қу тірлікке, құлқынына қорек қып.

Ойланбасаң оңды іс қалай оң баспақ,
Өңім түгіл түсімде де өң қашпақ.
Бастық жейді ала дорба ақшаны,
Жемқорлыққа жанталаса жол бастап.

Тірлігімнің тылсым сырын таныдым,
Түу алысқа жетеді ме әр үнім.
Желіну мен жеуден ғана тұратын,
Жалған дүние әрі шаттық, әрі мұң.

Адамдар ғой мәңгі жұмбақ

Көтереді кісіні шың ғып шындық,
Көтеріліп тұғырда тұрдық, күлдік.
Бер жағы елгезек мінез кейбіреудің,
Ар жағы құрық бойламас қулық-сұмдық.

Жапырақсыз жаһанға өспе тірек,
Ізгілікті алайық лезде күреп.
Бер жағы сылдыр сөз де кейбіреудің,
Ар жағы құр қуыс та, бос көкірек.

Болған ба ойдағыдай барлығы әман,
Болжаған алдағыны арғы бабам.
Бер жағы жымыған күн кейбіреудің
Ар жағы қатты аяз, қарлы боран.

Туады жан әртүрлі жаратылып,
Тірлігі мансапқорлық, дарақылық.
Бер жағы ашық есік кейбіреудің,
Ар жағы қоймадағы қара құлып.

Жан сарай аққайыңды, қарағайлы,
Көңіл-құс көкіректі аралайды.
Бер жағы ойын-күлкі кейбіреудің,
Ар жағы қақиып тұрған қара қайғы.

Аттасаң арман бар ма арды құндап,
Жамағат жазиралы жанды ұғынбақ.
Шешініп кіріссе шешуі табылмайтын,
Адамға адамдар ғой мәңгі-жұмбақ.

Не артық (Терме үлгісінде)

Тартып келем екі иыққа сөз артып,
Таусылмағай тереңдерден қазар құт.
Ту сыртыңнан тоқпақтаған туыстан,
Тура келген дұшпаныңның өзі артық.

Ар-ұятты жүрген жақсы тазартып,
Ол жоғалса жата қал да, ажал күт.
Аяқ, балақтан тартатұғын қандастан,
Алба-жұлба иттеріңнің өзі артық.

Бәрін-бәрін, тұратындай көз қамтып,

Бойға біткен қуат, күшті қозғалтып.
Ұш жағында намысы жоқ найзадан,
Қайрақ көрген қара пышақтың өзі артық.

Жамандыққа түсе көрме назар түк,
Жақсылықты жүрейік те базар ғып.
Ата-анадан алшақтаған ұлыңнан,
Ата-анаға жақын қыздың өзі артық.

Көңіл жолы көбейсе ғой созар тік,
Кісіліктің қиясына оз қалқып.
Келетін сирек сырттағы бала-келіннен,
Келетін жиі қонағыңның өзі артық.

Буырқанып бұлқынды деме тез шалқып,
Барлап қара бірдей емес бөз, барқыт.
Масыл болған, мәңгүрт болған тіріден,
Асыл болған өлген жанның өзі артық.

Күрес

Тірлікте тағылымы – тау, ірі отау көп,
Тек соған мұндалашы мұрат, әулет.
Көргенді көргенсізбен жағаласты,
Көргенді көп бабадан ұят-ау деп.

Көкесі көре алмастық іргемде өсіп,
Былғанбашы босаға, кірленбе есік.
Жақсылық пен жамандық жанталасып,
Жасыл кілем үстінде жүр белдесіп.

Көрмейді жерде пенде, көкте құдай,
Кеуде, өзек өртенсе өкпелі жай.
Ақыл менен ақшаның арасында,
Ашық айқас басталып кеткенін-ай.

Кең дүние әр күнің дүбірге тең,
Кеше бауыр елгезек, бүгін бөтен.
Адалдық арамдықпен ал күресті,
Алып ұрар алып күш кімінде екен.

Шуылдап, шауып өтіп дәл қасынан,
Шала, шикі ұранмен алға шығам.
Шындық пенен өтірік пергілесті,

Шалып аяқтан құлатпақ шалқасынан.

Тумай жатып ту сырттан жараландым,
Төбесін төбелестің қалап алдым.
Қайырым мен қатыгездік қақтығысып,
Қара пышақ, қара мылтық, қара қанмын.

Ақпарат аттай заулап күнде келмек,
Ақын да ой-толғамын бірге бөлмек.
Күрестің алаңында барлық адам,
Кіл ішімнен тынамын кім жеңер деп.

Қайтемін...

Қаражатсыз қалтарыста қалдым ба,
Қайырылып қарайладым әр мұңға.
Ақ халатты дәрігерге жолықсам,
Ақша төле деп тұрады алдымда.

Нарықты айтып налытады неге жай,
Нар толқыннан кері қайтқан кеме қай.
Апарып ем оқу орнына баламды,
Ақша төле, ақша төле дегені -ай.

Теріс қарай айналғандай табақша,
Топыр халық томпаңдайды таң атса.
Қызықтырған қызметің қажет пе,
Сыртында үйдің сытырлайды тағы ақша.

Жастайымнан жақын емен ласқа мен,
Жаны сұлуға жүгіре құшақ ашқан ем.
Жүрек әмірін жүре тыңдап махаббат
Шешіледі шынында кейде ақшамен.

Тар сияқты сезінемін кең жерді,
Тарықсам да ең алдымен ел көрді.
Әне бір тұрған әжетханаға барсам да,
Әкел дейді алақанға теңгенді.

Жалған дүниеде жоқ ештеңе жай тегін,
Жаралы жанды сауықтыру айт емін.
Кейде суық, кейде жылы жамағат,
Сәлеміне сұраса ақша қайтемін.

Сұлулық

Қашанда мейірімге қамдан жаным,
Қатыгездік құдығына әркез алданбағын.
Беті сұлу көбейді бұл жалғанда
Іші сұлу азайды аңғарғаным.

Адам үшін атпай ма арай таңым,
Ақ пейілді қалайша қарайтамын.
Сөзі сұлу көбейді күннен-күнге,
Ісі сұлу азайды және айтарым.

Жанға қуат күмістей күлкілерім,
Жақсыларға жарастық кім тіледім.
Киімі сұлу көбейді көремісің,
Кісілігі сұлу азайды бір білерім.

Қалмаса екен инабат үйі құлап,
Қамқор болсын жастарым жиылып ап.
Қыздан сұлу көбейді көзіңді тік,
Қылығы сұлу азайды қиынырақ.

Әлемің мәңгі – алау, мәңгі – жалын,
Әрқашан тек сағыныш салғыз әнін.
Сұлулық саған қарап өтер едім,
Сұлу болса бер жағың, арғы жағың.

«Мерседес» мінген бір бала
(Нарық заманындағы кейбір жастар жайлы)
Дүние ауруы аз ба әлі,
Миыма сіңген мұң, нала.
Мені қағып кете жаздады «Мерседес» мінген бір бала.

Жалынды жігер, жанарды-ай,
Жалғанда тіпті жаси ма.
Анадан қымбат жанар май,
Әкеден қымбат машина.

Заманға риза заманға,
Шаранадан шыға шат қылған.
Теңгені таптап табанға,
Долларды доптай лақтырған.

Бұрылмас бір күн басқаға,
Оңай олжаны ол ұққан.

Түсіндегі қап-қап ақшаға,
Өңінде өзі жолыққан.

Тыпыршымай сірә тұрып па,
Ала таңнан зат іздер.
Базар оған – клуб та
Байлық оған – коттедждер.

Қате сөйлер қазақша,
Қалай ұғар жаппай жұрт.
Сұмдық оған – аз ақша,
Тірлік оған – тек байлық.

Дүние ауруы аз ба әлі,
Миыма сіңген мұң, нала.
Мені қағып кете жаздады
«Мерседес» мінген бір бала.

Торғайға бардым...

Қара жердің жазық, жуан жондары,
Қара шаруаның ортасы әлді, оңды әлі.
Торғайға бардым, қарттарға сәлем беруге,
Тобыры аздау толқытты мені сол жағы.

Сұлу ақкумен көрікті ғой көлдерім,
Сырлы суретін өріпті ғой өр, белім.
Торғайға бардым, ақындар өскен аймаққа,
Қара су емес, қара өлеңмен қандырған шөлдерін.

Ақ құшақ па кілттенбеген әр есік,
Аулалардан күй құйқылжып, ән есіп.
Торғайға бардым, Нұрхан мақамына мың толқып,
Ахметхан ата әңгімелерінен тағы өсіп.

Кісі көңіліне көбірек ұқсас күн қалай,
Көрік беріп құбыла ма гүлге арай. Торғайға бардым, тойлардың
дастарқанына,
Бауырсақ-ниет бауырына тартып тұрғаны-ай.

Кең дүниенің жарығынан түні көп,
Көз тастап көрші ізгіліктен ірі жоқ.
Торғайға бардым, топырақ салуға қазаға,
Көз жасын сүртер көп орамалдың бірі боп.

Алау жүрек ал тынбашы, ал тула,
Шағала-көңіл шар әлеміне шалқуда.
Торғайға бардым, төрін ұсынған туысқа,
Марқасына емес, мейіріміне тойып қайтуға.

Ойламаймын бала сағыныш сөнді деп,
От махаббат, шадыман шаққа сол тірек.
Торғайға бардым,
Балтабек досты көруге Т
ұрғынбайларым тұнық өзендей мөлдіреп.

Ұлағат сөз ұтымды ғой ұғымға,
Ұзақ сенім арт сезімі селдей бір ұлға.
Торғайға бардым, топырағын басып тебіреніп,
Құйттайда тіпті қызықпау үшін Қырымға.

Тірліктің көлеңке емес, күн жағында

Кешегі Кеңес Одағы тұсында моральдық кодексті жаттадық.
Тағылымы таудан биік еді ғой. Сол жетпей тұр-ау қазір.
(Егде екі кісінің әңгімесінен.)

Өмірде өре білген өрелі істі,
Кісіден кілт бұрылма көне түсті.
Кеңес дәуір миына мықтап құйған,
Мол ырыстай моральдық кодексті.

Жасынан жаны жақын жаз-әлемге,
Терең көр көрінгенге қаза көрме.
Содан ба арды ғана асқақтатып,
Тартады таңсәріден таза өзенге.

Жарастық жан дүние молдығында,
Оралып оранғандай оңды ұғымға.
Содан ба кісіліктен жарыс болса,
Бәйгенің жүз жүлдесі қоржынында.


Сәулені сауылдаған сұрап көктен,
Көңіл-көлдің жиегін құрақты еткен.
Содан ба адамдарды бауыр тартып,
Өкпені өңменінен бір-ақ тепкен.

Әркімге ең керегі әндей көрік,
Хас шебер айналасын сәндейді өріп.
Содан ба ұятында ұлағаты,

Себілген саналарға дәндей болып.

Жан-жағы жұпар иіс, ормандай көк,
Дүние, қаражатпен қалған бай жоқ.
Содан ба ізгіліктің ізін іздеп,
Солға қарай жүрмеген сормандай боп.

Жабырқама жүректе нұр барында,
Алау оттай лапылда, кіл жалында.
Кісілер қоректенген Кодекспен
Тірліктің көлеңке емес, күн жағында



Белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатов. Тәуелсіздік мерекесіне арналған челленджге қатысып оқыған өлеңдері.
<https://www.youtube.com/watch?v=FtqIHmLdkPE>

САҒАТ ТУРАЛЫ СЫР

Уызынан мезгілді ұғынған көп,
Шуаққа шомылмайтын шыбын жан жоқ.
Сыртылдайды сағатым, бір тынбайды,
«Сенетін менен басқа, кімің бар» деп.

Жоспарласа жұмыс та мәнді жүрмек,
Адамның арты арайлы, алды гүлдеп.
Сыртылдайды сағатым, бір тынбайды,
«Ақ төсектен оян да, ал жүгір» деп.

Түк ойланбай төредей төрге шығып,
Өнімді өзгерткендей өлмес үміт.
Сыртылдайды сағатым, бір тынбайды,
Болған ба уақыттан өңгесі құт.

Ертеңіні еске сап, бүгін жүктеп,
Ең даладан ерекше дүбір күтпек.
Сыртылдайды сағатым, бір тынбайды,
Секундттарды, минутты, сырымды ұқ деп.

Қай кезде келешекті барлау бітпек,
Жақсыға жалын, оттай жанды-ау жұрт кеп.
Сыртылдайды сағатым, сыртылдайды,
Жаһандағы жалғыз жау-жалқаулық деп.
Көрегендік көктесе көпті өсірмек,
Көгерейік намысты көкке сілтеп.
Сыртылдайды сағатым, сыртылмайды,
Күндерің күміс шашпай өтпесін деп.

ҚАЙДА, ҚАЙДА?

Шақ тұрушы ем шоқ басуға,
Қиялды қолтықтап ап қашуға.
Қайда аңқау он сегізім,
Періп кетер отқа, суға.

Құлшынып құшақ айға жайған,
Қызық кумады қай маңайдан.
Қайда жүгірмек жиырма бесім,
Нәрленген, әлденген найзағайдан.

Ұшақсыз да ұшты-ау балаң,
Мылтықсыз-ақ құсты аулағам.

Қайда отты отыз жасым,
Кеудесінен күш саулаған.

Дарқан далада ырыс қандай,
Мәңгілікке тыныс бардай.
Қайда қайралған қырық жасым,
Қаққа бөлер қылыштардай.

Сәнді өмір, толы арман,
Сәтті, сансыз жолы болған.
Қайда еңселі елу жасым,
Қарияның қолын алған.

Жылға азық бір күн елес,
Дүние онсыз дүркіремес.
Қайда тал түс – алпыс жасым,
Не кәрі, не жігіт емес.

Бұра көрме теріс жаққа,
Боз белімде жеміс қапта.
Жеңнен тартып желаяқ жыл,
Жетектейді жетпіс жасқа.

Үміт, сенім үйген елім,
Әлі талай сый көрермін.
Қайда уыз-уақыттар,
Көкірек түсірген кином менің.

ТАРАЗЫ – САНА

Тілегенмін таза тұрғанын тұсымның,
Тұман, бұлтты бүйірден түртіп ысырдым.
Көктем болды көргенім көбелек кезде,
Аспан, жерді тек шуақ деп түсіндім.

Серуеншіл серілік сезгем лебін,
Төрелерге төсектей төселмедім.
Жаз екен ғой жігіт боп жолыққаным,
Жаңбыр да, өр толқынды өзен де өзім.

Қалайды қай тірі де бәрі ұнауын,
Сұмдық сірә сұлу суретті танымауым.
Күзге де мен кезіктім кеңістігі алтын,
Сыбағамыз – сары бидай, сары қауын.

Ортамыздың ойлағаны онды жұрт,
Кісілік бағдаршамсыз жолды ұмыт.
Қыстың да ұлпа қарын уыстадым,
Қыстан гөрі адам аязы тоңдырып.

Арманды жерден де ізде, көктен де ізде,
Ауыр арқалап асудан өткенбіз бе?
Таразы-санаға сап салмақтасам,
Тірлігім тіпті ұқсас төрт мезгілде.

ӨМІР ӨТІП БАРАДЫ

Жүрегім жүз тебіреніп, аласұра,
Жүзімді бұрдым кең қазақ даласына.
Тәттісін талайларға үлестіріп,
Ащысын араластырып арасына
Өмір өтіп барады, өмір өтіп.

Адамсыз айналаның өңі кетті,
Аңсайды жерді емес, көбі көкті.
Шуағын шашу етіп шартарапқа,
Тұманы тұншықтырып төңіректі,

Өмір өтіп барады, өмір өтіп.
Жарық дүние сәулесі жанға бақыт,
Құдай сақта қалмағаннан қамбада түк.
Шаттығын шапқылатып тай, құлындай,

Қайғысын қара қапшықпен арқалатып,
Өмір өтіп барады, өмір өтіп.
Тіршілік тұрмас ылғи ту ұстатып,
Табанда өзгермей ме дұрыс бағыт.

Бақыттың балын беріп бөшке-бөшке,
Уын да алақанға уыстатып,
Өмір өтіп барады, өмір өтіп.
Көңілім көк жайлауда көгенделіп,

Кішірейіп кеткен бе көлем, көрік.
Таныс, достың арасы алтын көпір,
Туыстар туыстарды бөтен көріп,
Өмір өтіп барады, өмір өтіп.

Төменге құлағандай тау-ізгілік,
Сый сирек, сырқаттанды, ауырды жұрт,

Ғаламды «ғаламатпен» қоршап тастап,
Адамды адамдарға жауыз қылып,

Өмір өтіп барады, өмір өтіп.
Шынайы, шырын-сөзді ем көремін,
Шалқыған ғажап ішінде кең кеменің,
Үмітті үзіп алмай үкілетіп

Күдіктің де күдірейтіп желкелерін,
Өмір өтіп барады, өмір өтіп.
Қабак түйіп қыста әрі жазда бұлт,
Қолдаса тәңір ара-тұра маздадық.

Құрдастарым қырда қымтап көрпесін,
Сырластарым араласар аз қалып,
Өмір өтіп барады, өмір өтіп.
Пенде ем парасатты алаң көрген,

Ауа-азыққа тойған ба әмән кеудем.
Адам, ақша, дүние барлығы да,
Тек уақытша екенін дәлелдеумен,
Өмір өтіп барады, өмір өтіп.

СҰЛУЛЫҚ САҒАН ҚАРАП ӨТЕР ЕДІМ...

Қашанда мейірімге қамдан жаным,
Қатыгездік құдығына әркез алданбағын.
Беті сұлу көбейді бұл жалғанда,
Іші сұлу азайды аңғарғаным.

Адам үшін атпай ма арай таңым,
Ақ пейілді қалайша қарайтамын.
Сөзі сұлу көбейді күннен-күнге,
Ісі сұлу азайды және айтарым.

Жанға қуат күмістей күлкілерім,
Жақсыларға жарастық кіл тіледім.
Киімі сұлу көбейді көремісің,
Кісілігі сұлу азайды бір білерім.

Қалмаса екен инабат үйі құлап,
Қамқор болсын жастарым жиылып ап.
Қыздан сұлу көбейді көзіңді тік,
Қылығы сұлу азайды қиынырақ.

Әлемің мәңгі – алау, мәңгі – жалын,
Әрқашан тек сағыныш салғыз әнін,
Сұлулық саған қарап өтер едім
Сұлу болса бер жағың, арғы жағың.

ҚАЙТЕМІН...

Қаражатсыз қалтарыста қалдым ба,
Қайырылып қарайладым әр мұңға.
Ақ халатты дәрігерге жолықсам,
Ақша төле деп тұрады алдымда.

Нарықты айтып налытады неге жай,
Нар толқыннан кері қайтқан кеме қай,
Апарып ем оқу орнына баламды,
Ақша төле, ақша төле дегені-ай.

Теріс қарай айналғандай табақша,
Топыр халық томпандайды таң атса,
Қызықтырған қызметің қажет пе?
Сыртында үйдің сытырлайды тағы ақша.

Жастайымнан жақын емен ласқа мен,
Жаны сұлуға жүгіре құшақ ашқан ем,
Жүрек әмірін жүре тыңдап махаббат,
Шешіледі шынында кейде ақшамен.

Тар сияқты сезінемін кең жерді,
Тарықсам да ең алдымен ел көрді.
Әне бір тұрған әжетханаға барсам да,
Әкел дейді алақанға теңгеңді.

Жалған дүниеде жоқ ештеңе жай тегін,
Жаралы жанды сауықтыру айт емін.
Кейде суық, кейде жылы жамағат,
Сәлеміне сұраса ақша қайтемін.

НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Тақырға тал өсірді деме халық,
Таскөз түгіл, көкірекпен көрем анық,
Алдымен сәлемдескен адамдардың,
Аптыға сұрайтыны «не жаңалық?»»

Келеді толқындарды кеме жарып,
Кеңістік, көкжиегі жобаланып,

Отауда отыратын зейнеткердің,
Ойланбай айтатыны «не жаңалық?»»

Тіршілік бір мезгілге тына қалып,
Бірде қуанып, ал бірде жылап алып.
Дабылы дала кезген дос-қауымның,
Аузына түсетіні «не жаңалық?»»

Түн іздемес махаббат себебі жарық,
Сәулелерден сәнді өрнек өреді барып.
Қызметтен шаршап, шалдығып келгеніңде
Келіншектің қайталайтыны «не жаңалық?»»

Кірпіш-көңіл жатсыншы тек қаланып,
Түр, түсті бұзбайықшы текке налып,
Іңгөлап іш жылытқан нәрестелер,
Туа сап демесе болды «не жаңалық?»»

ЗАҒИП ДЕМЕЙ, КІМ ДЕЙМІЗ?

Адамның адамдарсыз жоқ мекені,
Араласса ағайын боп кетеді.
Алдында қасқая қарап тұратұғын,
Ақиқатты көрмейтін көп көкені,

Айтыңдаршы, зағип демей, кім дейміз?
Талайлар кеудесі – күн, сөзі отты,
Тас-тағдыр тәлкегіне төзіп өтті.
Жамандық жаман тонын жамылып ап,

Жақсылықты көрмейтін көзі жоқты,
Айтыңдаршы, зағип демей, кім дейміз?
Желбіреп тік тұрмайды туың мәңгі,
Жылыту жеңіл емес, суынғанды.

Ту сыртыңнан айналып тура тартқан,
Туыстықты көрмейтін суық жанды
Айтыңдаршы, зағип демей, кім дейміз?
Дүние дүбір-думан дөңгеленді,

Қайтейін өзге белді, өзге жерді,
Таң сәріден табысып, құшақтасқан,
Татулықты көрмейтін пенделерді

Айтыңдаршы, зағип демей, кім дейміз?

Шын қыран шыңдарына ұшып өлді,
Ілгеріге апарсын ісің елді.
Тәңір өзі тудырып, сыйға тартқан,
Таланттыны көрмейтін кісілерді

Айтыңдаршы, зағип демей, кім дейміз?
Өнегелі өрнегін өрден сызды,
Тағылымын тамаша төрден тізді.
Көкірекке көркем бір күмбез тіккен

Көркем сөзді көрмейтін көргенсізді
Айтыңдаршы, зағип демей, кім дейміз?
Тоқтататын күш бар ма лас құмарды,
Тағылым көргей үлкеннен жастың алды.

Жеген сайын қарнда қанағат аз
Жемқорларды көрмейтін басшыларды,
Айтыңдаршы, зағип демей, кім дейміз?
Кейбіреу толып, толысып бола қалды,

Алтындай қолпаштадық қолаларды.
Зияны жоқ бір түйір қоғамыма,
Зиялыны көрмейтін көп адамды
Айтыңдаршы, зағип демей, кім дейміз?

СҰРАҢДАРШЫ...

Дүбірлеген дүние жалған, жалған,
Дабыл қағып жетсе ғой арманға арман,
Құлық-сұмдық құпиясын сұраңдаршы,
Қу тақырда қалғаннан, алданғаннан.

Ақыл-ой аңырап құлап әмән жардан,
Айнала кісіліксіз қараң қалған,
Алаяқ, арамдарды сұраңдаршы
Ақ сүттей аппақтардан, адалдардан.

Отауда оң тірлікті оттар жанған,
Бары жақсы әр уақыт жоқ болғаннан,
Тұщы, ащыны анықтап сұраңдаршы,
Түрмеде түнергеннен, сотталғаннан.

Шынында, кім жасырған шешімді елден,

Гүрілдеген Гитлер сесін көргем.
Сұм соғыстың жарасын сұраңдаршы,
Жиырмада жар жоғалтқан жесірлерден.

Орын бер, ойланбастан, түрегеп төрден,
Оларды орталарда кім өбектеген,
Зор денсаулық қадірін сұраңдаршы,
Мұңды, үнсіз отырған мүгедектерден.

Тұтасып, тіпті кетпей бастан тұман,
Тірлікте түсініксіз жасқанды ұлан.
Тас-әке, тас-ананы сұраңдаршы,
Көз жасы тыйылмаған тастандыдан.

Көркем сөзім көрінші көмейлерден,
Қымбат, арзан киімді көрем киген,
Теңге құнын тезірек сұраңдаршы,
Байдан емес, әрине, кедейлерден.

Үміт, үміт ақ құшақ жайыпты алдан,
Және оның кезі жоқ айып болған,
Құйттай сәуле құдіретін сұраңдаршы,
Қараңғыға қамалған зағиптардан.

ОТЫРМЫН ТАРАЗЫЛАП...

Жан бөлек жадыраңқы, жанған өңі,
Жылы лепті аңсайды алдан көбі,
Дүйсенбі басшыға бардым бір шаруамен,
Жоқты айтатын әрине бардан гөрі.

Өленнің әр кеудеде оты жүрмек,
Сөз азай көркем емес, көбігің көп.
Сейсенбі кітапханаға кіріп кеттім,
Қасымды қайта-қайта оқығым кеп.

Меніңше, шатастырдық шын дүбірді,
Миға қабылдау қиын тым мұңды күнді.
Сәрсенбі теледидарды қосып қалып,
Жеңіл ән желпілдеді, жынды қылды.

Тәңір өзі нұсқаған әйдік жолды,
Тер төксең тамшылатып байлық қонды.
Бейсенбі бәйбішеміз шелпек пісіріп,
Баяғы бабаларға жайдық қолды.

Ашық әңгіме ақтарса сыр ашылар,
Ақиқаттан адассақ кінә шығар.
Жұмада жұмыла жүгіріп жиналысқа,
Сөз тыңдадық өтірігі, расы бар.
Адамдар ақ үмітті танды атырмақ,
Армандар зымыраған алға атылмақ.
Сенбіде серпілдік қой тойға барып,
Екі жүз ер, екі жүз жар тақылдап.

Бұра тартып бұрылды іні қайда,
Батқандай белшесінен ірі лайға,
Жексенбіде моншада терлеп-тепшіп,
Жолықтым сүндеті жоқ сұмырайға.

Жүргенмен сөзден ғана жан азық ап,
Жеңісім желбіреген әлі азырақ.
Табанын тайдырып тұрды тағы бір апта,
Терген, көргенді отырмын таразылап.

ӘЙЕЛ

Маңдайға бұйыр нандыратын нақ қадам,
Минут сайын аттамайды баққа адам.
Қуанса әйел – тербетеді теңіздей,
Ашуланса әйел – адастырар ақ боран.

Көре сала кім шығарған төріне,
Өз теріңмен өрле, өрле өріңе.
Қуанса әйел – ұшырар ғаламат ғарышқа,
Ашуланса әйел – тірідей көмер көріңе.

Шаңырақтан сақта Алла кіл құтсыз,
Шар дүниеде ынтымаққа ынтықпыз.
Қуанса әйел – ай жұлдызға жеткізер,
Ашуланса әйел – атып тастар мылтықсыз.

Жұмыр жерде жұбайыммен бай болам,
Жоқ болса жар қайдағы күй, қайдағы ән.
Қуанса әйел – жаһан жайнап кетпей ме,
Ашуланса әйел – ақыр заман айналам.

Жалғыз құдай таза тілекті құп алсын,
Жарасса жұп жарқырайды шығар шың.
Қуанса әйел – қос аққусың айдында,
Ашуланса әйел – сыңсыған бір сыңарсың.

Баба сөзін, дала сөзін айтам дәл,
Бір намысты ей еркектер байқаңдар.
Қуанса әйел – қос иығында періште,
Ашуланса әйел – шауып жүрер шайтандар.

Келісті сөздің кестесі

Тәуелсіз Қазақстан қаламгерлерінің әр жаңа туындысы қалың оқырман қауым үшін қашанда олжа. Жуырда Алматыдағы «Тоғанай-Т» баспасынан «Көкірек-көзбен көргендерім» атты кітап жарық көрді. Негізінен эссе, мақала, ой-толғаныстардан тұратын кітаптың авторы қостанайлық белгілі ақын, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатов. Зер сала, зейін қоя пайымдасақ тылсым тіршілік тұтасымен сан алуан тақырып қой. Асқақ адамгер-ші-лік, кісілік келбет, ақиқат пен шындық, туған тіл та-мыры тереңге жайылатын тағылымды тәрбиесі авторды жиі мазалайды екен. Әсіресе «Неге», «Қол ша-палақтау», «Қаладағы қарттар ойыны», «Мен қазақ қыз-дарына қайран қалам», «Тіл арқылы тірі жүрейік» деп аталатын ой-толғамдар кітап мазмұнын байыта түскен. Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннен бастап ағартушы ақын, жазушы ретінде рухани кеңістікте керемет із қалдырған қарымды қаламгерлер хақындағы зерт-теу еңбектер мағыналы мазмұны, дәйекті дерек-терімен сыр шертеді. Және бір ағынан ақтарыла айтар қуанышты жай, осы өмірдің өз көрінісінен туындаған шынайы шығармалардың кейбірі кезінде «Егемен Қазақстан» газеті бетіне жарияланып, ойлы оқырман тарапынан лайықты бағасын иеленіп те үлгерген. Қолымыздағы кітаптың көтерген өз жүгі бар. Ерінбей оқыдық, тамсанып, тұшындық. Сондықтан да біз бұл кітапты публицист ретінде де жазу өнерінде өз орнын орнықтырып үлгерген қаламгер Нағашыбай Мұқатовтың толымды табысы дер едік.

жазушы Қайсар ӘЛІМ,
«Егемен Қазақстан». 2014 жыл 15 мамыр

Ақынның кітаптары:



МҮҚАТОВ
Н. Б.



Нағашыбай МҮҚАТОВ

Н. МҮҚАТОВ ОЙ ОТАУДА ОҢАША

ОЙ ОТАУДА ОҢАША



Ол туралы кітаптары



Нағашыбай Мұқатовтың марапаттары:







Ақынның фото-суреттері





Ақын Нағашыбай Мұқатовпен кездесу кештен көрініс





Ақылбек Шаяхметов пен Нағашыбай Мұқатов









Белгілі ақын студенттермен кездесті

Л.Топстой атындағы облыстық-әмбобал кітапханасында болашақ журналист Жанболат Кенжеғұлдың ұйымдастыруымен қоғамдық лекция өтті. Бұл жолы студенттерге лекция оқуға танымал ақын, журналист, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатов келді. Дәріс «Ұлттық әдет – ғұрыптардың тәрбиелік мәні» жайында болды.

Кітапханада өткен дәрісте Нағашыбай ағай студенттерге біраз тұшымды өңіме айтты. Ұлттық әдет-ғұрып пен салт-сана жайында терең, мағыналы, мазмұнды сөйлерімен белгісі. Ағай қазіргі жастардың тәрбиесі туралы былай деді: «Қазақ қыздарының шетелге тұрмысқа шығып, қор болып жүргені жанға батады. Қазақ балаларының өзге ұлт өкілдеріне өпкітеп орыс тілінде сөйлеген жүректі ауыртады. Жас ұрпақтың орыс тілінде шүлдірлеп тұрғанын талай рет көрдік. Ахмет ағамыз ана тілімізді жойылып кетпеуі үшін күресті емес пе. Ең болмаса Ахан атындағы оқу орнында оқығандықтан, Алештың ардақты азаматының аруағын сыйлап қазақ тілінде сөйлесе нұр үстіне нұр болар еді. Осының бәрін көріп, жастардың болашағынан қорқамын. Әрине, бәрі бірдей осындай деп айтамын, бірақ қоғамымызда, біз өмір сүріп жүрген ортада мұндайлар көп. Негіз тәрбиенің тал бесігі – ауыл. Ауыл деп отырғанымыз – университет, ал ата-аналарымыз бен ата-әжелеріміз – профессорлар. Мен өзім ауылда өстім. Ауылдың тәрбиесі қалаға қарағанда біршама жоғары. Мен бұл сөзіммен қаланың балалары тәрбиесіз демеім, бірақ арасында ана тілін білмейтін жастар кездеседі».

Нағашыбай Мұқатов сөз соңында жастарды ата-бабамыз салған сара жолдан адраспауға шақырды. Сонда ғана ұлт жойылмайды. Нағашыбай ағайдың сөйлеуінен университетіміздің белсенді студенті Нұрсұлтан Қасымның орындауындағы әсем ән түйіндеді. Кездесуге жиналған студентер «Қоғамдық лекция, Қостанай» жобасының қызығыммен бірге өстелік суретке түсті.



А.ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ГӨФ журналистика мамандығының студенті.



Жас өркен Қостанай



1 (55) мамыр-маусым 2017 жыл

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру

Жас өркен
Қостанай

Негізгі байлық басты назарда

Тәуелсіз мемлекет Қазақстанның Президенті жүргізетін саясаты, салмақты саясатты жергілікті бұқара халықтың әлеуметтік тұрмыстық тіршілігінен, рухани тынысынан бөле-жара қарауға мүлде болмайды. Осы тұрғыдан зерделеп қарасақ, ұлт көсемінің жуырда баспасыз бетінде жарияланып, бірауыздан қуаттауға не болған "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" деп аталатын мақаласының маңызы айрықша. Содан болар, республикадағы радионы қосып, теледидар арналарына назар аударып, газет-журналдарды парақтасаныз жұртшылық жұмыла үн қосып жатқанына шексіз сүйсінесіз. Ораны келіп тұрған соң қатардағы қаламгер ретінде мен де өзіндік пайым, пікірімді білдіруді жөн санадым. Үнсіз қалу мауыясыз екен.

Ең бірінші кінтәрім құдіретті Құдай жаратқан, қоланның басты байлығы болып саналатын ұлт елдің бірінің маңызын тәуір қана пірсімен, бел-ауыздықпен, түрмен маңызына ерестету өте қиын. Осы тәуірмен айтқанда, қарсы кетерілер пенде табыла қоймас. Ал қарсақталғаның қымыл аманнан бері тәуірлі тарихына, сондай-ақ өзінде өмір салтына үнелі көрсек, руханиат тұрдым деп байрағын желбіретіп. Бірін түбірнен түгендеп, тіпті қатпай-ақ қандастардың өнегі сөз өнеріне, мақал-мәтелдерге, танылымды іскеріне, әуезді өлең, едәуірлі күйге ауестілігі айтырса, та жеткілікті. Қанымызбен қатар қозғалып, қанымызды жаңғыртатын өкіліп Арет-құрылтың және тіпті белес. Шындығын айту керек, президентің соңғы мақаласында руханиатқа көнеп бетуі ұлтан-ізілі, әсіресе аяғы қауымды тереңнен тәуірентті. Аталған мақалада тұрсуаттан басталғанық. "Құл санал көнеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезімде Бел дүниетанымымызға жіден сілкіп қалған тапталурын қауідалардан арылмасақ, көш басындағы өлдер мен төрелімізде үнеп, өмір түістері мүлкім өмір" – деп қауым жарасалды-ақ, Елбасы халыққа соңғы Жол-дәуірде айқын айқандында Қазақстанда жаңғырудың үлкілі сатысы жүйелі жүріп жатыр. Басты мақсат мүдде жер бетінде өмір дәмдігін 30 елдің қапарына қосыту өмірдің бәрі жақсы біледі. Біз тәуірөздіктің 25 жылы шінде осы бағытта біраз тиімділігі шара-



лар жүргізілгеннен толық қауірдармыз. Әсіресе "Мәдени мұра" және "Халық – тарих төлішімізде" деп аталатын бағдарламалар тұрақты түрде мемлекет бағылауында ұсталынып, мақтылы нәтижелер берді. Және қорғалыс одан әрі қуатты жалғасын табыды. Ақы ата-бабалардың ірі-ірі іс-арестелері мен ұлттық рухани тамыр тым тереңде жа-тыр дөсек, одан ұдайы нәр жинап, әрқеліп отыру ұлданғы ұл-қыздардың, ұрпақтардың басты тарихы. Жаңғыру дегеннен өмір тарихи тәуірбілеліде одан әрі мақсұндаңқырып, бағытып, тәуірдіп салт-сананы, дәстүрді үлкілісі дәмдіту өмір не? Сөз реті көлгенде айта кетейік, қауірданғы қауірлақса үн қосу мездің өмінен туындайды. Бірақ өмір жаны, мәжілестерде аяғы қауым өлдері үнемі ауыста алып жүргеніктей ұлттық рухани жаңықан жетілуіне, мауірл жөнсіке жетілуіне өкестірі жеткізілуіне тиіс. Өмір сүру үлкілісі білу керек деген қауірды қатты қуаттаймыз.

Ол бағытқа бас шұтты, өкестелерді өміні қауірмасандай қауірлау болмағаны жөн. Өмірсіз тұмыр көшу, өлгері аттау бас жүрешілік. Қауір қауір, тілің бірілдеп қалып шілкібіне көштіру жағдайы жан-жақты сөз болып жатыр. Байдықтымызға бұған көрсек

қоймайтындар немен саға. Ауымы екі шараға Қазақстан сақдай сай дәл алмаймыз. Оқулық жазуға жағы оңағастырылып, оған осы сағанға жеткі білетін ғылымдардың тіл мамандарының көптеп тартылатыны жақ сүйсіңдіреді. Мақалада ете дұрыс айтылғанындай мұны екенде ұлтты ұзақ ойлаңдырып, терең толғаңдыратын пікірлердің қатқанын қасыруға болмайды. Құнды ұғыныс әлі де сарайлау, тараңылаудан өтіп, бірнеше ұағы бойынша қолдау табатыны көреті.

Елбасы мақаласында прагматизм деген сөз қолданылды. Яғни мұнда қасырлар бойы жинаған ұлттық құндылықтарымызда бағалық сөзбен сәйкес түсінікті, тұжырымды жолдар құру, қысқартылып, астамдытыққа, дәлдігіне қол берілу, сөйтіп шынайы табына мәдениеттің белгісі орынды сәйкестігіне әкеліп қалғы қосарылды. Бұл әл жара еткен қандық та емес. Қалыңтың неб осы маңғыдан мәселелерді бас қосқан оқырғанда айтып жүрген қасырын емес. Соны Президенттің оған білгені құндыдақ, әрине. Көптегіні шығарыңдар, қалың көзі арқасын көретін, жүреп оқығы қой. Яғни, Президенттің мақаласында айтар ойлары мен қалың пікір ұштысып жатса 10 ілгері жылғыды дей беріңіз. Және бір айтар қай, осының барлығы осыны жылдары еңгізі сінә бастаған көп жет арнегітерден, осың еңгізілгеннен, омақасы оған құлаған пікірлерден састандырады. Құрастып Құдайдың әл састанқан сөздерін деген емес пе? Білгеннен мақаланың ете айналып өткен бұл сөзді қресектер қолы артып қалғанды.

Жалпақ жұрттың ауысында, ту-ту өлгенге айналған бір лебіз жүр. Осы заманда «балтыр балалар, қарын қастар үшін компьютер өкіле, телефоныңар қалыңға айналтып кеткен жоқ па?» дегенді қазақтардың басын белгі. Бұған аяқбұста елге жатса да, аяқпендемеде тұрса да, үйге отырса да, телефон жанында да қолдарынан түспейтін ұғы телефоныңдарды қосыңыз. Ысыраудың алғанда интернетке өзіп сәйкес беретіндер жағы басын қазар. Осы балта компьютерге сәулетті жүзеге келі, шет тегін білуге байланысты пікірлерді де мақала түрлеріне қалтырған.

Президент мақаласында "100 және 100" құрамын жазу қайт қан қасты айтылған. Оған орынды. Қазақ ұлтында өмірден шеген, брақ қалғы үшін моншақтатып тер төмен қайталан, мақтаулы мамандар көп қой. Көпде қадір біліп, үйде білмей жүрген көп терлер де ортасында жүр. Ұлт тұтаныларын алтын ерде қалдыру мәселесінің өлген арқасына әйнеулі барында да аса риза өтіп, түсінікпен жылдың өлген айында жарық

көрген республикалық "Ақиқат" журналында "Алтын көр" деп аталатын ғылым, зерттеу мақалалары жарияланды. Онда республикалық Қазақ радиосы мен телеарналарында алтын көр редакциялары парменді құрыс істей алмай отырғанын білгендік. Жазушы журналист С.Оразалының мақалалары арқынан "Сұрағар" атты қабар ұйымдастырып, аттары алты алаңда босып көрнегі деген қалыңдар мен оларға өлген құрамын көп ұяңтар? Олардың бар қар қаржысында мүмкіндік сақтаулы, Ең өкініштісі осы. Оразалының оңды, тағылымы тарадан азақ қалыңтың әрі қарай өліп өсетін, қалыңдырып қалғандар байқалмайды. Негіз бұрынғыларды айтып отыру, неғұнмды қосып қалтау арқылы ғана өмір өлгенге өрнегі. Дәл осы тағынан қосылғанда тұтаныларды танып білу аса қажет. Қостанайда өлген мәртебелі бір ақиқатта өлген айтып, жазып, нағызаттап отырғандық ұғы, аялтып Абад да ұяңтылуы өлген мүмкіндік дегендік.

Қазір таңда атал оқығыңдар өзіңдер. Рас па? Бұл Руқани жағынан қалыңды, жандық, дәму үшін сәйкес екенге, ұлттардан қалыңды күрмей болмайды. Өзіңнің сана сүйретіліп келі беретін шығар айналғанды өзің деген білген бар. Мақалада ете дұрыс айтылғанындай ХХІ ғасыр ұлттық санамың өзіңнендігіне мол мүмкіндік туғыңдары сәйкес. Аталған тақырыпты қапалар ретінде әр ұяңтыта қосыламын. "Жазушы" баспасынан жарық көрген "Жаңыңның қосыл қалыңдылары" деп аталатын кітабыңдарды бір өлгенде:

Бәрін көрген құмыр жерден, көлден,
Жат тағылды қалай ғана тегі алған.
Ұлттық сана ұяңынан барыңса,
Ұлттың бар деп ұяңдылуға ұяңған, - деп табырғанды.

Мақалада көрген тұяғынан туған қыр жолдары шығарды Бей қай қалдырғанды көрген.

Руқани байлығын адам баласы, көз өлген мәртебелі дәму жолына түрлейді. Бағытынан ақсады, қолынан қалыңды. Негізгі байлығың Назарбаев қалыңды оғу ұлтты жаңақай өлгендегі, өлгендерді оқы. Мақала мәселесін, құнды қосылып қолданыңыз. Құтталыңыз. Руқани ақиқаттан сәйкес болыңыз. Ол өлген 1932 - 1933 жылдардан да аса қалыңты, бұл өлген бай жандар көбіне түссінші. Білмейміз қалай болмай.

Нағымбай МҰҚАТОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын,
Қостанай қаласы.

Мазмұны

1. Қарапайым қазақтың бір ұлымын.....	5-6
2. Шығармалары.....	7
3. Нағашыбай Мұқатов редакциялығымен шыққан кітаптар.....	8
4. Мерзімді басылым беттеріндегі жариялымдары.....	8-12
5. Ол туралы әдебиеттер.....	13
6. Мақалалар, сұхбаттар.....	13-14
7. Ақын Нағашыбай Мұқатов өлеңдері.....	15-35
8. Келісті сөздің кестесі.....	36
9. Ақын кітаптары.....	37-38
10. Ол туралы кітаптары.....	39
11. Нағашыбай Мұқатаов марапаттары.....	40-42
12. Ақын фото-суреттері.....	43-47
13. Мерзімді басылым беттеріндегі мақалалар.....	48-51

*Құрастырушы: Көшкінбай С. М.
Мұқабаны безендірген: Көшкінбай С. М.
Редактор: Құсайын Д. Е.
Шығарылымға жауапты: Құсайын Д. Е.
Басуға қол қойылды 01.04.2024
Таралым 5
Басылым: ксерокс*

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы,
Арқалық қаласы, Родина ауылы
Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18
E – mail: cbs10@mail.ru***

